

## **Әйтеке би ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы**

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 қазандағы № 219 қаулысы . Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 қазанда № 6413 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасы құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 7232 бұйрығына сәйкес, Әйтеке би ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әйтеке би ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 14 шілдедегі № 138 "Әйтеке би ауданы бойынша мемлекеттік жалдау үйлерінде жалдау ақысының мөлшерін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3973 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде 2014 жылы 30 шілдеде жарияланған) қаулысының күші жойылсын .

3. "Әйтеке би аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Әйтеке би ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Әйтеке би ауданының әкімі*

*М. Елеусизов*

Әйтеке би ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "14" қазандағы  
№ 219 қаулысына қосымша

**Әйтеке би ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігінің 13.06.2023 № 108 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

№	Орналасқан жері	1 (бір) шаршы метр үшін айына төлем мөлшері, теңге, тиын
1	Темірбек Жүргенов ауылы, Ә. Молдағұлова көшесі, № 24/1, № 24/2 үйлер	64,45
2	Темірбек Жүргенов ауылы, Ә. Молдағұлова көшесі, № 25/1, № 25/2 үйлер	64,06
3	Темірбек Жүргенов ауылы, Ә. Молдағұлова көшесі, № 30/1, № 30/2 үйлер	66,47
4	Темірбек Жүргенов ауылы, Ж. Баһадүр көшесі, № 2/1, № 2/2 үйлер	61,44
5	Қарабұтақ ауылы, Ж. Есентеміров көшесі, № 24/1, № 24/2 үйлер	66,47
6	Белқопа ауылы, Ә. Құдайбергенов көшесі, № 35/1, № 35/2 үйлер	58,58
7	Темірбек Жүргенов ауылы, Ж. Баһадүр көшесі, № 16, № 18 үйлер	64,80
8	Темірбек Жүргенов ауылы, Ә. Молдағұлова көшесі № 31, № 33, № 34, № 35, № 36, № 37 үйлер	69,48
9	Темірбек Жүргенов ауылы, Ә. Молдағұлова көшесі № 32/1, № 32 /2 үйлер	73,30
10	Темірбек Жүргенов ауылы, Ж. Баһадүр көшесі, № 20 үй	72,58
11	Талдысай ауылы, Ш.Уалиханов көшесі, № 13 үй	24,25
12	Т.Жүргенов ауылы, Достық көшесі, № 15 үй	43,44
13	Т.Жүргенов ауылы, Жалаңтөс Баһадүр көшесі, № 15/1 үй	85,86
14	Т.Жүргенов ауылы, Жалаңтөс Баһадүр көшесі, № 15/2 үй	87,88
15	Т.Жүргенов ауылы, Жалаңтөс Баһадүр көшесі, № 17/1 үй	87,56
16	Т.Жүргенов ауылы, Жалаңтөс Баһадүр көшесі, № 17/2 үй	87,34

17	Әйке ауылы, М.Маметова көшесі, № 7 үй	11,61
18	Қарабұтақ ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі, № 38/2 үй	61,78
19	Қарабұтақ ауылы, С.Сейфуллин көшесі, № 48/1 үй	61,78
20	Қарабұтақ ауылы, Ж.Сеилов көшесі № 17 үй	32,76
21	Қарабұтақ ауылы, Әйтеке би көшесі, № 66 үй	28,39
22	Қарабұтақ ауылы, Ю.Гагарин көшесі, № 20 үй	43,92
23	Қарабұтақ ауылы, Қ.Сатпаев көшесі, № 24/1 үй	24,51
24	Сұлукөл ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі, № 9 үй	3,23
25	Аралтоғай ауылы, Жамбыл көшесі, № 12 үй	41,33
26	Құмқұдық ауылы, Төлеген ата көшесі, № 12/1, № 12/3 үйлер	32,22
27	Құмқұдық ауылы, Төлеген ата көшесі, № 12/2 үй	32,18